

## Заурал, Құдықағаш, Яблоновка ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы

Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданы Заурал ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 7 тамыздағы № 02 шешімі. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 қыркүйекте № 1-10-99 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Заңы 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және 2009 жылғы 04 мамырдағы Заурал ауылы тұрғындары жиынының № 09 хаттамасын, 2009 жылғы 06 мамырдағы Құдықағаш ауылы тұрғындары жиынының № 11 хаттамасын, 2009 жылғы 04 мамырдағы Яблоновка ауылы тұрғындары жиынының № 10 хаттамасын есепке ала отырып, Заурал ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Заурал, Құдықағаш, Яблоновка ауылдарының көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Заурал ауылында № 1 көшесіне - «Бәйтерек» атауы, № 2 көшесіне - «Тәуелсіздік» атауы, № 3 көшесіне – «Болашақ» атауы, № 4 көшесіне - «Сары-арқа» атауы;

2) Құдықағаш ауылында № 1 көшесіне - «Алға» атауы, № 2 көшесіне – «Болашақ» атауы ;

3) Яблоновка ауылында № 1 көшесіне - «Аталық» атауы, № 2 көшесіне - «Тәуелсіздік» атауы .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Еңбекшілдер ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми түрде жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

әкімінің міндетін атқарушы

КЕЛІСІЛДІ:

бастығы

Заурал ауылдық округі

О. Ахметова

Еңбекшілдер ауданының  
«Сәулет және қала  
құрылысы бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің

А.Қ. Ахметова

Еңбекшілдер ауданының  
«Мәдениет және тілдерді

*мекемесінің бастығы*                      *дамыту бөлімі»*                      *мемлекеттік*  
*Г.Т. Жақыпова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ